**Бекітемін:**

**Директор м.а**

**Садвокасова Г.А**

**Келісемін:**

**Оқу ісінің меңгерушісінің м.а**

**Хамитова А.К**

**«Күншалған ауылының ЖОББМ»КММ**
**2025 - 2026 оқу жылына арналған**
**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың**
**ұйымдастырылған іс-әрекеттің циклограммасы**
**«Айналайын» кіші топ**

**2025 – 2026 оқу жылы**

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Құндылық – Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**

**Аптаның дәйек сөзі:** *«Еңбек — қуаныштың кілті»*

**Мектепке дейінгі ұйым: «Көбелек» шағын орталық**
**Топ: «Айналайын»**
**Балалардың жасы: 2 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі 02.09-05.09 2025 жыл**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | | Күй күмбірі<br>Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу.Балалар үшін қолайлы жағдай жасау,баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы,оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулау<br>**міндеттері:** Балаларды балабақшадағы күн тәртібіне үйрету<br>**(тіл дамыту)** | Күй күмбірі<br>Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру<br>**міндеттері:**балаларды сыпайылыққа,ізеттілікке тәрбиелеу<br>**(тіл дамыту)** | Күй күмбірі<br>Әңгімелесу<br>Балалармен балабақшада қандай өлең үйренгенін туралы әңгімелесу<br>**міндеттері:**балалардың әнге сүйіспеншілігін арттыру.<br>**(музыка)** | Күй күмбірі<br>Балаларға жол ережелері туралы айту<br>**міндеттері:**балаларды ұқыптылыққа және сергектікке баулу.<br>**(тіл дамыту)** |
| Ата-аналармен әңгімелесу немесе басқа заңды өкілдермен кеңес, әңгімелесу | | Отбасылық тәрбие туралы жеке кеңестер беру | «Тазалық–денсаулық кепілі» мәдени-гигиеналық сақтау дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелер жүргізу | Ата-аналарғ арнайы буклеттер жасау арқылы кеңес беру : «Күз кереметтері | «Баланың балабақшаға бейімделуі» ата-аналармен жеке әңгімелесу |
| Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптар қарау және | | **Дидактикалық ойын:**<br>«Үй құрастыру»<br>**Міндеті**<br>:Конструктордан құрастыру ойындарға | **Дидактикалық ойын:**<br>**«Ретімен орналастыр»**<br>**Міндеті:** мөлшері және көлемі бойынша ретімен орналастыру,атау | **Дидактикалық ойын:**<br>«Жасырынған жануарларды тап»<br>**Міндеті:**үй жанурлары туралы түсінік | **«Тақия тастамақ» ұлттық ойын:**<br>**Міндеті**:балаларды ойын арқылы түрлі бағытта жүгіруге баулу. Ұлттық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| басқалар). | | қатысу белсенділігін, құзығушылығын арттыру **(құрастыру)** | **(сенсорика)** | қалыптастыру, жануарларға қамқорлық танытуға үйрету **(қоршаған әлеммен таныстыру)** | ойындарға қызығушылығын арттыру. **(тіл дамыту, дене тәрбиесі)** |
| Таңертеңгі жаттығу | № 1 Жаттығу | | | | |
| Ұйымдастырылған іс әрекетке дайындық | | **«Көкөністер-жемістер лотосы»** **Міндеті:** Жемістер мен көкөністердің бақта және бақшада өсетіні туралы түсінктерін кеңейту. Олардың аталуын, бір-бірінен айырмашылығын, адам аулығына маңызын білу | **Үстел үсті ойын: «Конструктор»** **Міндеті:**Балалардың ақыл-ойын, тілін дамыту, зейінді болуға тәрбиелеу **(құрастыру)** | **Дидактикалық ойын: «Құстарға көмектесеміз»** **Міндеті:** Балаларға құстар туралы түсінік беру.Суреттер бойынша есте сақтау қабілетін дамыту.Құстарға қамқорлықпен қарауға баулу **(қоршаған әлеммен таныстыру)** | Дидактикалық ойын:**«Қандай көлік»** **Міндеті:** көліктер туралы түсінік беру, олардың пайдасын, не үшін керектігін кеңінен түсіндіру **(көркем әдебиет)** |
| Мектепке дейінгі ұйым дастыру кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері | | **Музыка** Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, Музыка ырғағымен қимылдар жасау. Оңға солға бұрылып үйрену. Қол ұстасып дөңгелек шеңбер жасап тұруды үйрену **Ән тыңдау:** «Балабақша бағында» С. Кәрімбаев **Ән айту:** «Балабақша» Б.Бейсенова **Ойын:** «Кім жылдам» **Шарты:** Қатар-қатар қойылған | **Ұйымдастырылған іс – әрекет** **«Мысық пен күшік»** **Міндеті:**Мысык және күшік пен таныстыру. Олардың үй жануарларына жататындығын үйрету. Шаттық шеңбер Кел, балалар күлейік, Күлкіменентүлейік. Қабақтүйген не керек, Көңілденіпжүрейік. Қызығушылықтарын ояту Ой қозғау **Педогог жетекшілігімен ойын: «Мысық пен күшік»** Топқа мысық пен күшік келеді. Балалардан | **Дене тәрбиесі. Ұйымдастырылған іс-әрекет.** «Бір бағытта жүру». **Міндеттері:**сапта бағытты сақтай отырып жүруді үйрету, педагогтің берген белгісі бойынша тоқтауды үйренуді қалыптастыру. Шеңбер бойына сапқа тұруды үйретіп, оны бекіту, өз іс әрекетін басқа балалардың іс-әрекетімен сәйкестендіре білу жинақылыққа тәрбиелеу, спортзалда өтетін жаттығуларға сергек көңіл күй, оң көзқарас қалыптастыру **Кіріспе** | **Дене тәрбиесі Ұйымдастырылған іс-әрекет.** «Сапта бір-бірлеп жүру». **Міндеті:**денсаулық сақтау технологиясын және ойын және тыныс алу гимнастикасын қолдану арқылы балалардың Дене тәрбиесіжаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту**.** **Кіріспе.** **Жүру,жүгіру.**Сапта бір-бірлеп жүру және жүгіру. **Жалпы дамытушы жаттығулар.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | шығыршықтарды балалар әуен ырғағымен айналып жүреді, әуен тоқтағанда шығыршыққа жұптасып тұра қалулары керек. Осылайша шығыршықтар саны азая береді, үлгермеген балалар ойыннан шығып отырады.<br>**Күтілетін нәтиже:** музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдайды;<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекет**<br>**«Біздің топ»**<br>**Міндеті:**Балаларды топпен таныстыру,топтағы заттардың атауларын атауға үйрету.<br>Шаттық шеңбер<br>Армысың, Алтын күн!<br>Армысың , Жер Ана<br>Армысың, достарым!<br>**Педогог жетекшілігімен ойын: «Поезд»**<br>Бір біріміздің артымызға тұрып, поезд болып жүреміз топ бөлмесінде серуен жасау. Топты аралатып, топтағы заттарды көрсету және | қонаққа кім келгенін сұрау. Олардың да мысық пен күшігі бар ма сұрау. Жеке балалардан әңгімелеп беруін сұрау<br>**(тіл дамыту)**<br>Мысық пен күшіктің дене бөліктерін (ажыратып және атай білуін пысықтау.<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру**)<br><br>Фланелеграфқа мысық пен күшікті дене бөліктерін жапсыру<br>**(жапсыру)**<br><br>**Өнегелі 15 минут**<br>«Құстарға көмектесеміз»<br>**Міндеті**: Балаларды құстарға қамқорлық жасауға ,оларға зиян келтірмеуге тәрбиелеу<br><br>Сурет арқылы құстар туралы өз ойларын айту,әңгімелеу<br>**(тіл дамыту)** | **Жүру**,**жүгіру**<br>Шеңбер құрып сапқа тұру. Сапқа тұрып берілген белгі бойынша тоқтап, бір қатармен жаяу жүру<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.** Орнында жүру. Бастапқы қалып<br>та тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып)<br>**Негізгі қимылдар.**<br>**Секіру.** Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіруге, 10-15 сантиметр биіктіктен секіруге, еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету.<br>**Ұлттық ойын :**<br>**«Арқан тартыс».**<br>**Міндеті:** Балаларды ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекет**<br>Шаттық шеңбер<br>**Нұсқау беру:**<br>Топқа кір қожалақ қуыршақ | Екі аяқпен секіру (аяқтарын қосып секіру – аяқтарын алшақ қойып секіру). Екі аяқтың ұшымен бір қарқынмен итеріліп, тізені жартылай бүгіп секіріп түсуге назар аудару.<br>**Негізгі қимылдар.**<br>Допты бір-біріне домалату (арақашықтық – 1 метр). Жұптарға орындарына тұруға көмектеседі. Доптарды таратып береді. Жұптарға допты домалатуды көрсетеді, доптың домалау бағытын сақтауға назар аудартады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Тышқандар» Балалар бір-біріне кедергі жасамауын, шашыла жүгіргенде бір-біріне соқтығыспауын естеріне салады<br><br>**Ұйымдастырылған іс-әрекет**<br>**«Көліктер»**<br>**Міндеті:**Көлік түрлерімен таныстыру.Көліктердің аттарын атауға үйрету.<br>**Шаттық шеңбер**<br>**Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:**<br>«Көліктер құрастырайық» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | атау. Оларды атап, не үшін қолданылатынын түсіндіру.<br>Топтағы заттарды балаларға қолдануға беру. Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру **(тіл дамыту, сенсорика)**<br>балаларға ойыншықтарды текшелердің немесе үстел үстіндегі жазықтықта әр түрлі жағдайда орналасуын көрсетіп қайталап орындауын қалыптастыру(жатыр, тұр) **(құрастыру)**<br><br>**Өнегелі 15 минут**<br>«Бағдаршамның көздері»<br>**Міндеті**: Бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру,түстерін атау,есте сақтау қабілеттерін арттыру Бағдаршаммен таныстыру арқылы жол ережесін сақтауға тәрбиелеу<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру)** | | көмек сұрап келеді. Балалар қуыршаққа қалай көмектесеміз деп балалардың бастамасы бойынша іс әрекет жасауды қуыршақты жуындыруды ауызша нұсқау жасаумен үйрету<br>**(сенсорика)**<br><br>Қуыршақтың сүйікті ойыншығы доп екен. Бізде доппен ойнай аламыз, қане доппен ойындар ойнап көрсетейік<br>**Қимылды ойын:** «Себетке допты лақтыру»<br>**(Дене тәрбиесі)**<br><br>**Өнегелі 15 минут**<br>«Менің әжем»<br>**Міндеті**: Балаларды әже туралы өлеңдер, тақпақтар айтуға үйрету,үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу<br>**(көркем әдебиет)** | **Ұйымдастыру кезеңі:**<br>Түрлі көліктердің дауысын тыңдатып,балалардың жауаптарын тыңдау. Көліктердің суреттері арқылы топқа бөлу.<br>**Құрылымдалған ойын:** «Көліктің түрлерін ата» **(тіл дамыту)**<br>**Нұсқау беру:**<br>-суреттегі көліктердің жетпей тұрған бөліктері туралы әңгімелей қойыңдар.<br>-ірі конструктор бөлшектерінен қалаған көліктеріңді құрастырыңдар<br>**(құрастыру)**<br>**қорытынды.**<br><br>**Өнегелі 15 минут**<br>«Біз тату доспыз»<br>**Міндеті**: Балаларды бір-біріне көмектесуге,достыққа , қамқорлық жасауға, тәрбиелеу<br><br>Балалар бір-бірін құшақтап жылы тілектер айту<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| Серуенге дайындық | Қуыршағымызды серуенге шығарайық деп көрсету бойынша киімдерін киеді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындау дағдасын пысықтау (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту).** | | | | |
| Серуен: | | **№1** | **№2** | **№3** | **№4** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Бақылау:** Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін :шарпы, будақ,қабатты бұлииарды ажырату<br>**еңбек**:Ауладағы гүлдерді суару<br>**міндеті:**Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу<br>***жеке жұмыс:*** Аспанға ұшар бу болып<br>Жерге қайтар су болып. (Бұлт)<br>**міндеті:**Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру.<br>**ойын:** «Кімге қандай құрал керек?»<br>**міндеті:**Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу.<br>**қимылдық ойын:** «Соқыр теке».<br>**Ойын барысы:** Соқыртеке кең бөлмеде , аулада ойнауға болатын қызықты ойын.Шеңбер сызылып , оның ортасына көзі байланған «соқыртеке» жіберіледі.Қалғандары | **Бақылау:**Желді бақылау.<br>**міндеті:** Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру<br>**еңбек**: «Әдемі гүлдер»<br>**міндеті:**Гүлзардағы гүлдерді суару.Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту<br>**жеке жұмыс:** . «Жел»<br>Шаң тозанды үйіріп,<br>Жел ұйытқып еседі.<br>Қабағы тас түйіліп ,<br>Аспанда бұлт көшеді<br>**міндеті:**Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу.<br>Жел улейді у-у-у.<br>Құйын келіп билейді зу-зу-зу<br>Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу,<br>Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду.<br>**қимылдық ойын:** «Айгөлек-ау, айгөлек».<br>**міндеті:**Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында | **Бақылау:** Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау.<br>**міндеті:** Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деәсер ететіндігін түсіндіру<br>**еңбек:** Біздің ойын алаңы<br>**міндеті:** Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбекқорлыққа баулу<br>**жеке жұмыс :**<br>Жел тынымсыз гуілдеп,<br>Болып кетті тым бұзық<br>Шуылдайды тал терек,<br>Жапырағын жұлғызып.<br>**міндеті:** Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезінуге үйрету..<br>**қимылдық ойын:** «Айгөлек-ау, айгөлек».<br>**міндеті:** Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.<br>**қимылдық ойын:** «Фигура жасап шық»<br>**ойын барысы:**<br>Ойнаушылардың арасынан бастаушы таңдалынып алынады.Ол шеткірек тұрады. Балалардың қалғандары жүгіреді , бір аяғымен екінші аяғын шалыс баса ( ирек жүріспен) алаң бойы секіреді. Тәрбиешінің | **Бақылау:** Күзгі жапырақтарды бақылау.<br>**міндеті:** Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау.<br>**еңбек**:Жапырақтардан гүл шоғын жасау<br>**міндеті:** Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру<br>**жеке жұмыс: «Күзгі жапырақ» тақпақ**<br>Қыстың жақын қалғанын,<br>Жапырақтар сезгендей.<br>Желмен ұшып барады,<br>Жерге қонып үлгермей<br>**міндеті:** Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту.<br>**ойын:** «Аю жүрген орманда».<br>**міндеті:** Қимыл қозғалысын дамыту<br>**қимылдық ойын:** «Монданақ».<br>**ойын барысы:** Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу айтпесе орамалды шиыршықтап алып дөңгелене отырады.Ортаға біреу шығады.Отырғандар тізерлеп: «Әне кетті монданақ,міне кетті монданақ»,-деп әндетіп, ортадағы бала сырт |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | оны «соқыртеке бақ-бақ»,- деп мазақтап түртіп қашады.Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс.<br>**дербес ойындар:**<br>1.Әткіншектебу.<br>2. Тартылғышқа тартылу. | ойнату.Шапшаңдыққа баулу.<br>**қимылдық ойын:**<br>«Орамал тастау».<br>**ойын барысы:**Орамал тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып отырады.Ойын бастаушының қолындағы орамал шиыршықталған,ұруға ыңғайлы болады.Ойнаушылар ән немесе әңгіме айтып отырғанда бастаушы оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалды тастап кетеді.Егер қайта айналып келгенде әлгі адам өзінің сырт жағында қалған орамалды байқамаса, басқаоушы оны орамалмен ұрғылайды.Ал, егер отырған адам өзінің сыртына орамал түскенін байқаса , бастаушыны қууға тиіс.Ойыншыдан қашып жүрген бастаушы босап қалғанорынңа келіп отырады.<br>**дербес ойындар:**<br>1. «Желмен жарысайық»<br>2. «Менің әдемі | сигналынан, дабыл қағу немесе «тоқта» деген сөзден кейін барлығын орындарына барып қозғалмай тұрады.Басқарушы барлық «фигураларды» айналып шығып , ең ұнайтынын таңдап алады. Енді басқарушы бала беруші болып саналады да, ал алдыңғы басқарушы қалған балаларға қосылады да , ойын қайталанады. | айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды.Оны жасыра аллмаған ойыншы ортаға шығады.<br>**балалардың өз бетімен ойнауы:**<br>1.Орта доп<br>2.Әткеншек тебу<br>3.Қуаласпақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | үйім»(құрастыру) | | |
| Серуеннен оралу | | Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, тіл ұстарту жаттығулары ,санамақтар қайталау т.б | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру | Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру | Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** |
| Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс | | Жания жеке жұмыс Қарындашпен, қағазбен жұмыс істеуге,дұрыс ұстауға үйрету **Шығармашылық дағдыларын зерттеу іс әрекетінің дамуы** | Ясина жеке жұмыс.Үлгі мен сөздік нұсқаға сүйеніп ,тапсырмаларды орындауға үйрету **(әлеумет)** | Жания жеке жұмыс. Қарындашпен, қағазбен жұмыс істеуге,дұрыс ұстауға үйрету **Шығармашылық дағдыларын зерттеу іс әрекетінің дамуы** | Ясина жеке жұмыс.Тілдегі дауысты,дауыссыз дыбыстарды айтуға үйрету **(әлеумет)** |
| Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптар қарау және басқалар). | | **«Бұл кай кезде болады?»** **Міндеті:** балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту, көргендерін айта алуға үйрету. **(тіл дамыту)** **(қоршаған әлеммен таныстыру.)** | **«Бұл ненің ізі?»** **Міндеті**:Суретте аңдардың суреті беріледі қай аңның ізі болса сол аңды көрсету. **(тіл дамыту)** | **"Бөлмеде не бар?"** **Міндеті:** балалардың аталған затты дұрыс таба білуін жетілдіру **(тіл дамыту)** **Танымдық іс әрекет** | **«Машина»** Машинамын - көлікпін, Мамандарға көніктім. Үйренген соң білімді Білерсіңдер тілімді. Ә.Табылдиев Таныс тақпақты қайталау, жаттау. |
| Балалардың үйге қайтуы | | Табиғи материалдармен ойын ойнауды ұсыну | Үйде доппен ойнауды ұсыну. | Балаға қойылатын сұрақтар туралы кеңес беру | Балалардың күн соңындағы көніл күйін талқылау |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Құндылық – Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**

**Аптаның дәйек сөзі:** ***«Шебердің қолы алтын»***

**Мектепке дейінгі ұйым: «Көбелек» шағын орталық**
**Топ: «Айналайын»**
**Балалардың жасы: 2 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі 08.09-12.09.2025 жыл**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | **Әнұран айту.** Еліміздің рәміздері жайлы әңгіме жүргізу. **Міндеттері:**Балаларды патриоттыққа тәрбиелеу. **“Адал азамат” бағдарламасы** | **Күй күмбірі«**Көңіл толқыны» күйімен қарсы алу. **Шығармашылық дағды, “Адал азамат” бағдарламасы** | **Күй күмбірі** Шармен , көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу,балалық шақ күйін қосу **Шығармашылық дағды, “Адал азамат” бағдарламасы** | **Күй күмбірі** Балаларды қазақ күйімен көңілді қарсы алу. **Шығармашылық дағды, “Адал азамат” бағдарламасы** | **Күй күмбірі** «Күй сандық» күйімен қарсы алу. **Шығармашылық дағды, “Адал азамат” бағдарламасы** |
| Ата-аналармен әңгімелесу немесе басқа заңды өкілдермен кеңес,әңгімелесу | Балалардың бала бақшаға жылдам бейімделу жағдайларын талқылау. | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелсу. | Ата аналармен бала неге жылайды?Баламен қоштасу жолдарының тиімдісі жайлы әңгімелесу. «Ахуалды бұзатын сөйлемшілер» ата аналарға арналған кеңес. | Ата аналармен баланың тамақтануы жайлы әңгімелесу. «2-жастағы балалардың жас ерекшеліктері» ата аналарға арналған кеңес. | Ата анлармен балалардың үйде күн тәртібін қалай сақтайтындығы жайлы сөйлесу. |
| Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптар қарау және басқалар). | **«**Қуыршақты киіндір» мақсаты: қазақ халқының ұлттық киімдерін тануға үйрету **“Адал азамат” бағдарламасы** | **«**Соқыр теке» ойыны **Міндеті:**Балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу. **“Адал азамат” бағдарламасы** | Асық ойындары. **“Адал азамат” бағдарламасы** | Әжемнің мақал-мәтелдері» **Міндеті:** Балаларға мақал-мәтелдер жаттату, мақал-мәтелдердің өнегесін түсіндіру**. Бір тұтас тәрбие жоспарынан** | **«**Орамал тастау» ойыны. **Міндеті:** Балаларда шапшандық қасиеттерін қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс жасау қабілеттерін арттыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ертенгілік жаттығу | Қыркүйек айының кешенді жаттығуы №1 | | | | |
| Ұйымдастырылған іс әрекетке дайындық | ҰІӘ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктерді реттеу. **Міндеті:** Балаларды ұйымдастырылған іс әрекетіне сұрақтар қоя отырып дайындау, балалармен өзара әңгіме жүргізу. | Күз мезгілінің маусымдық өзгерістермен таныстыру. Жанды және жансыз табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылауды үйрету арқылы зейіндерін дамыту. **Экологиялық білім беру және экологиялық мәденеиет** | «Не өзгерді»ойын тренинг. **Міндеті:** Тиімді қарым қатынас жасау үшін қажетті назар мен байқауды дамыту.Әр бала кезекпен жүргізуші болады.Жүргізуші бөлмеден шығады осы кезде топта балалардың шаштарына өзгерістер жасалады,басқа орынға ауысады,жүргізуші өзгерісті байқап табады. | «Көңіл күй» ойын тренинг. **Міндеті:** Бет әлпетімен бет әлпетін түсінуге ықпал етеді.Жүргізуші тақтаға түрлі суреттер,маскалар қояды «қуаныш» «ашу», «қорқыныш», «жиеркеніш»балалардың міндеті маска қандай сезімде екенін табу. | Табиғат бұрышындағы гүлдермен таныстыру. Табиғатты сүюге баулу **Экологиялық білім беру және экологиялық мәденеиет** |
| Мектепке дейінгі ұйым<br>дастыру кестесі бойынша ұйымдастырылған іс әрекеттері | **Дене тәрбиесі**<br>**(таза ауада )**<br>**«Жұптасып жүру»**<br>**Міндеті.** Педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта жүгіруге үйрету<br>**Ұйымдастырылған іс әрекет**<br>**Жүру**. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, жүру<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында | **Ұйымдастырылған іс әрекет**<br>«Менің отбасым»<br>**Міндеті:**Отбасы мүшелерімен таныстыру,олардың аттарын айтуға үйрету.<br>Шаттық шеңбері<br>Кел, балалар күлейік,<br>Күлкіменентүлейік.<br>Қабақтүйген не керек,<br>Көңілденіп жүрейік.<br>Қызығушылықтарын ояту.<br>Ой қозғау.<br>**Педогог жетекшігімен ойын: «Менің отбасым»**<br>Отбасы мүшелерінің суреттерін көрсітіп, әр бір мүшені атап, есімдерін атау дағдысын қалыптастыру<br>**(тіл дамыту)** | **Ұйымдастырылған іс әрекет**<br>Отбасы альбомын қарау.<br>**Міндеті:**Отбасы кітабынан суреттер қарау. Жануарлардыңда отбасы болатындығын түсіндіру,көрсету.<br>Шаттық шеңбері<br>Арайлап таң атты ,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Қайырлы күн балалар,<br>Қайырлы күн достарым.<br>Қызығушылықтарын ояту.<br>Ой қозғау.Бұл қандай кітап?<br>Отбасы бейнеленген кітаптар қарау. Тек адамдардың емес, жануарлардың отбасы мүшелерін қарау негізінде дұрыс сөйлеуін дамыту<br>**(тіл дамыту)** | **Дене тәрбиесі «**Шеңбермен жүру»<br>**Міндеті.**, Қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүруге үйрету, бір-бірінің артынан, аяқтың ұшымен жүруге, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды ауыстырып жүруге үйрету.<br>**Ұйымдастырылған іс әрекет**<br>**Жүру**. Шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің артынан, аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, жүру**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Екі қатарға сапқа тұрады. Бірінші және екінші қатардың басшыларын тағайындайды. Бағдарға және сапқа жүру ретіне назар аудартады (алдымен | **Дене тәрбиесі**<br>**«**Әртүрлі бағытта жүру.»<br>**Міндеті.** Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, жүруге үйрету.<br>**Ұйымдастырылған іс әрекет**<br>**Жүру**. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму; тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып)<br>**Негізгі қимылдар:** педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта жүгіру<br>Бір орында тұрып екі аяқтап секіру<br>Кедергілі жазықтың бетімен, еңіс тақтайдың үстімен еңбектеу<br>Екі қолмен 1-1,25 м арақашықтықтағы (көлденең) нысанаға (кеуде тұсынан, төменнен, жоғарыдан (қағып алмай) доптарды домалату<br>Жиектері шектелген тура жолақпен (ені 20-25 см, ұзындығы 2-2,5 м) гимнастикалық орындықтың үстімен жүру<br>**Қ.О. «Поезд»**<br>Тәрбиеші «Поезд» ойынын ойнауды ұсынады: «Мен паровоз боламын, ал сендер кішкентай вагонсыңдар». Балалар бірінің соңынан бірі алдында тұрғанның киімін | Балалардың қалауы бойынша әженің кәмпиттері тақырыбында домалақтар сурет салу, ермексаздан дөңгелек мүсін жасау,кәмпиттерді жапсыру жұмыстарын орындау дағдысын жетілдіру **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)**<br>Құрастыру материалдарынан үйшік құрастыруды дамыту. **(құрастыру)**<br><br>**Музыка**<br>Әнді тыңдап,Әуенге байланысты қимыл жасау.Ойынға белсене араласуды қадағалау.<br>**Музыка тыңдау:** «Бақа бақа балпақ»<br>**Ән айту:** «Қошақаным»<br><br>**Музыкалық қимылды ойын: «Жұбыңды тап» Шарты:**<br>Әр түрлі әуен ойналады. Әуенді тыңдай отырып,жай әуен ойнағанда балалар жұбын тауып тұрады.<br>**Күтілетін нәтиже:** (музыкалық шығармалардың | Мысық пен күшік ойнайтын допты ермексаздан мүсіндеуді пысықтау.<br>**(мүсіндеу)**<br>Жануарлар отбасына үйшік құрастыруды пысықтау.<br>**(құрастыру)** | бағдарға бірінші қатар жүреді, сосын екінші қатар бағдарға қарай жүреді). Сапқа тұруға көмектеседі.<br>**Негізгі қимылдар.**1,5 метр қашықтықта тұрған педагогтің лақтырған добын қағып алу және қайта лақтыру – допты саусақтары айқара ашылған алақанымен ұстау. Еденде жатқан жазық шеңберге секіру. Екі аяғымен бір мезетте итеріліп, жайлап аяқтарының ұшымен секіріп түсуге көңіл аудару<br>**Қимылды ойын «Жел көбік»**<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: «Жел көбік жарылды» деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. «Тарс етті», - дейді де тізерлеп отыра кетеді. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, | ұстап, аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, жүру **Жалпы дамытушы жаттығулар.**Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму; тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып)<br>**Негізгі қимылдар:**педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру **Қ.О «Күн мен жаңбыр»**<br>Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды. Тәрбиеші: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұстап колоннаға тұрады. «Кеттік», - дейді тәрбиеші, балалардың бәрі «шу-шу» деп дабырлап, оның артынан жүре бастайды. Тәрбиеші поезды бір бағытта, одан кейін екінші бағытта жүргізеді, одан кейін жүруді баяулатады, ақырында тоқтайды да: «Кідіріс» («Аялдама»), деп хабарлайды. Біраз уақыттан кейін тағы да гудок беріледі де поезд қайтадан жолға аттанады. **Тыныс алу жаттығулары**.<br>Мұрнымызбен дем алып ауызбен шығарамыз.<br>Қорытындылау.<br><br>**Ұйымдастырылған іс әрекет**<br>**Тақырыбы:** «Қуыршақ Сәуленің отбасы»<br>**Міндеті:**Отбасында тұратын адамдарды атауға үйрету.Отбасы мүшелерін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Шаттық шеңбері<br>Армысың, Алтын күн!<br>Армысың , Жер Ана<br>Армысың, достарым!<br>**Педогог жетекшігімен ойын: «Отбасы мүшелерін атау»**<br>Отбасы суретін көрсету.<br>-Суреттегі отбасы мүшелерін | сипатын ажыратады баяу және көңілді әндер) | | қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады. **Тыныс алу жаттығулары**.<br>Мұрнымызбен дем алып ауызбен шығарамыз.<br>Қорытындылау<br><br>**(көркем әдебиет) (тіл дамыту)**<br>**(музыка)**<br>**Ұйымдастырылған іс әрекет**<br>**Тақырыбы:** «Шалқан ертегісі»<br>**Міндеті:**Шалқан ертегісін оқып беру.Ертегілерге қызығушылығын арттыру.<br>Шаттық шеңбері<br>Күлімде күн күлімде,<br>Күліп ойнап жүрейік.<br>Күлкіменен түлейік,<br>Көңілді боп жүрейік.<br>Үстел үсті театры арқылы «Шалқан» ертегісін тыңдап, айтып берумен эмоциалды қабылдауды үйрету.<br>**(көркем әдебиет)**<br>ертегі кейіпкерлерін тану, көрсетіп атату. Не істеді сұрағына жауап беруді үйрету.<br>**(тіл дамыту)**<br><br>Көңілді музыка қойып балалардың қарапайым би қимылдарын жасау: | «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады», - дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!» деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер», - дейді, ойын қайта басталады **Тыныс алу жаттығулары**.<br>Мұрнымызбен дем алып ауызбен шығарамыз.<br>Қорытындылау.<br><br>**(Тіл дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Ұйымдастырылған іс әрекет**<br>**Тақырыбы:** «Ата мен әже»<br>**Міндеті:**Ата және әже туралы әңгімелеуге үйрету.Саусақ ойындарын ойнату.<br>Шаттық шеңбері<br>Балалар бір бірінің қолдарынан ұстап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ата?-суреттегі отбасы мүшелерінің не істеп отырғандығы жайлы әңгімелеп беруін ұйымдастырып сөйлеу дағдысын,сөз қорын кеңейтіп дамыту **(тіл дамыту) 1**.«Отбасы» рөлдік ойындарын ойнаумен. Қуыршаққа күтім жасау, киіндіру,әлдилеу, ән айту дағдысын қалыптастыру **(көркем әдебиет, музыка** | | | шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелуін жетілдіру **(музыка)** | тілектер айту.<br>Ата мен әжелерінің суретін қарау. Олар туралы не білетіндерін айтқызу мен **тіл дамыту.**<br>«Бес саусақ» өлеңін қайталап айтуға талпындыру Бас бармағым – атам, үйдің данасы Балан үйрек - әжем, ошақ анасы Ортан терек - әкем, отау панасы Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары Титтей бөбек – мен, бәрінің базары **(тіл дамыту, көркем әдебиет)** |
| Серуенге дайындық | Қуыршағымызды серуенге шығарайық деп көрсету бойынша киімдерін киеді, Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту).** | | | | |
| Серуен: | **№2 Бақылау:**Бұлтты бақылау. **Міндеті:** Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін :шарпы, будақ,қабатты бұлттарды ажырату**.**<br>**Еңбек**:Ауладағы гүлдерді суару.<br>**Міндеті:**Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Аспанға ұшар бу болып<br>Жерге қайтар су болып. | **№3 Бақылау:**Жылы жаққа қайтқан тырналарды бақылау.<br>**Міндеті:**Күзде тырналардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру.<br>**Еңбек**:Құстарға жем сауыт жасау.<br>**Міндеті:** Құстарға қамқорлықпен қарауға , аяушылық сезімдерін | **№6 Бақылау:**Құстардың күзгі тіршілігін бақылау.<br>**Міндеті:** Құстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққаұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік беру**.**<br>**Еңбек**: «Біздің ойыншықтар».<br>**Міндеті:**Ойыншықтарын ұқыптап таза ұстауға, мұқияттылыққа үйрету.<br>***Жеке жұмыс:*** Тақпақ: | **№7 Бақылау:**Ауа-райын бақылау.<br>**Міндеті:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.<br>**Еңбек: «**Таза алаң».<br>**Міндеті:** Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов «Күшік».**<br>**Міндеті:** Ү дыбысының | **№8 Бақылау:**Күзгі жапырақтарды бақылау.<br>**Міндеті:** Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау.<br>**Еңбек**:Жапырақтардан гүл шоғын жасау<br>**Міндеті:** Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру.<br>***Жеке жұмыс: «Күзгі жапырақ» тақпақ*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (Бұлт)<br>**Міндеті:**Жұмбақ жаттата отырып, балалардың  тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру.<br>**Ойын:** «Кімге қандай құрал керек?»<br>**Міндеті:**Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу.**Қ.О** «**Допты қуып жет».**<br>Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады. Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болады. | оятуға тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:**   Сап-сары боп келе жатқан ,<br>Сезді мекен күзді олар .<br>Қарлығаштар ұшып кетті,<br>Ұшып кетті тырналар.<br>**Міндеті:**Балалардың сөздік  қорларын молайтып , тілдің грамматикасы  дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру.<br>**Дидактикалық ойын:** «Күзде не киеміз?»<br>**Міндеті:**Күз мезгіліне байланысты адамдардың киімкию үлгісін көрсете түсіндіру.<br>**Қ.О.  «Поезд»**<br>Тәрбиеші «Поезд» ойынын ойнауды ұсынады: «Мен паровоз боламын, ал сендер кішкентай вагонсыңдар». Балалар бірінің соңынан бірі алдында тұрғанның киімін ұстап колоннаға тұрады. «Кеттік», - дейді тәрбиеші, балалардың бәрі «шу-шу» деп дабырлап, оның артынан жүре бастайды. Тәрбиеші поезды бір бағытта, одан кейін екінші бағытта жүргізеді, одан кейін | «Құстар қайтып барады».<br>**Міндеті:**Балаларға тақпақ жаттату арқылы сөздік қорларын молайту, дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету.<br>Қазан  толы<br>Дәулет  қорын қалады.<br>Заңғар көкке жол сызып,<br>Құстар қайтып барады.<br>**Қимылды ойын**<br>**«Жел көбік»**<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: «Жел көбік жарылды» деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. «Тарс етті», - дейді де тізерлеп отыра кетеді. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады. | айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету.<br>Е.Өтетілеуов. «Күшік».<br>Үреді  үйшікте<br>Аулада күшіктер<br>Біреуі оның қап-қара,<br>Біреуі сары ала<br>Біреуі  қардай ақ,<br>Біреуі сұр жолақ<br>Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ:<br>Үреді абалап<br>**Ойын:** «Қасқыр мен қаздар».<br>**Міндеті:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. **Қ.О  «Күн мен жаңбыр»**<br>Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды. Тәрбиеші: «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады», - дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!» деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! | Қыстың жақын қалғанын,<br>Жапырақтар сезгендей.<br>Желмен ұшып барады,<br>Жерге қонып үлгермей<br>**Міндеті:** Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту.<br>**Ойын:** «Аю жүрген орманда».<br>**Міндеті:** Қимыл қозғалысын дамыту.<br>**Қ.О** «**Жалаушаны әкел (таяқ арқылы аттап өту).**<br>Бір топ балаларды (4-6 адамды) жиналып тәрбиеші оларға жалаушаны көрсетеді, онымен ойнауды ұсынады.<br>Тәрбиеші кезекпен кімнің жалаушаға баратынын айтады да балалардың әрқайсысының кедергіден дұрыс аттап өтуін бақылайды. Орындықтан жалаушаны алғаннан кейін бала сол жолмен кері қайтады. Балалардың барлығы жалаушамен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жүруді баяулатады, ақырында тоқтайды да: «Кідіріс» («Аялдама»), деп хабарлайды. Біраз уақыттан кейін тағы да гудок беріледі де поезд қайтадан жолға аттанады. | | Барыңдар, серуендеңдер», - дейді, ойын қайта басталады<br>. | оралғаннан кейін тәрбиеші жалаушаларды көтеріп, маршпен жүріп өтуді ұсынады. (тәрбиеші ритммен қолын соғады немесе бір-екі, бір-екі деп дауыстап тұрады.) Одан кейін ойын балалардың басқа тобымен жүргізіледі. |
| Серуеннен оралу | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. | Жуыну кезіндегі тақпақтар. Жылы су,жылы су ,<br>Біздің қолымызды жу,<br>Ақ сабын көпіріп,<br>Біздің бетімізді жу. | Жуыну кезіндегі тақпақтар Дос бол сабын ,сумен сен, Жиі жиі жуын сен. Таңертең де кеште де, Жуын күндіз,түстеде, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында. | «Біз ұқыпты баламыз» Киімдерін жинап, бүктеуге үйретуді жалғастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. | Шешіну кезінде белгілі тәртіппен шешінуге үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда еркін іс әрекеттер. **Міндеті:** Отбасы мүшелерін қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету **(жапсыру)** ермексаздыдұрыс қолдану біліктерін жетілдіру, доп жасау (**мүсіндеу)**<br>доп салуды пысықтау**(сурет салу)** | Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп, еркін тақырыпта сурет салу, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Міндеті:** Ермексазды алақан арасына алып мыжу дағдысын дамыту.<br>Фланелеграф тақтасына доптарды, шарларды жапсыру.<br>**(Сурет салу)**<br>**(Мүсіндеу)**<br>**(Жапсыру)** | Тақпақтарын қайталау. Би үйрену. **(көркем әдебиет, музыка)**<br>**Міндеті:**Ересектердің сөзін тыңдай білуге үйрету.<br>Көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі ойыншықтарды топтастыру **(сенсорика)**<br>Өнер орталықтарында еркін іс әрекеттер | Еркін іс әрекеттер Сенсорлық ойындар, кітаптардан шалқан ертегісінің суреттерін фланелеграфқа ертегі кейіпкерлерін ретімен жапсыру. **Міндеті:**.Ертегілер мазмұнын түсінуге үйрету.Жапсыру техникасын меңгерту.<br>**(сенсорика, жапсыру)** | «Артығын тап» ойынын ұйымдастырып саусақ қимылын дамыту<br>**Міндеті:** Суреттен артық суретті табуды жетілдіру.Саусақ ойындарына қызығушылықтарын арттыру.<br>**(сенсорика)**<br>Қандай сурет сала алатынымзды көрсетейік. Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуына жағдай жасау. Балалардың еркін әрекетін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **(Сурет салу)**<br>**(Мүсіндеу)**<br>**(Жапсыру)** |
| Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс | Жания Ересектермен бірге негізгі қимылдарды қайталауға уирету.<br>**Физикалық қасиеттері** | Ясина Озине жақын адамдардың есімдерін толық атауға үйрету.<br>**Әлеумет** | Жания<br>Тілдегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтуға үйрету.<br>**Коммуникативтік дағдылары** | Ясина Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін(кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алады,оларды бір тұтас етіп біріктіреді)<br>**Шығармашылық дағдыларын зерттеу іс әрекетінің дамуы** | Жания.Үлгі мен сөздік нұсқауға сүйеніп тапсырмаларды орындауға үйрету.<br>**Танымдық және зияткерлік дағдылары** |
| Серуенге дайындық | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. ( **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | **Өнегелі 15 минут**<br>«Үлкенге құрмет» **Міндеті:** Үлкен адамдарды құрметтеуге, сыйлауға үйрету. | | | | |
| | Балалардың сүйіктігі ойыншығы туралы әңгімелесу. | Топқа ойыншық алмасу сөресін жасауды ақылдасу | Табиғи материалдармен ойын ойнауды ұсыну | Үйде доппен ойнауды ұсыну. | Апта бойғы жұмыстар бойынша ақпарат беру. |

**Тәрбиелеу –білім беру процесінің циклограммасы**
**Құндылық – Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**

**Аптаның дәйек сөзі:** *«Үйренген – үлгереді, ерінген – кейін қалады»*

**Мектепке дейінгі ұйым: «Көбелек» шағын орталық**
**Топ «Айналайын»**
**Балалардың жасы:2 жас**
**Жоспардың жасалу кезеңі: 15.09 - 19.09.2025ж**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Күй күмбірі<br>Әнұран айту<br>**міндеттері:**<br>Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарым қатынас жасауға үйрету(**сөйлеуді дамыту**) | Күй күмбірі<br>Әңгімелесу «Топта өзін қалай ұстау керек»<br>**міндеттері:**Балаларды балабақшада мінез құлық және қарым қатынас ережелеріне тәрбиелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Күй күмбірі<br>Әңгімелесу «Ойындағы мінез құлық ережелері»<br>**міндеттері:**Балаларды ойындардағы мінез құлық ережелерімен таныстыру. Зейінді байқағыштықты дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру)** | Күй күмбірі<br>Әңгімелесу<br>«Әрқашан сыпайы болі»<br>**міндеттері:**Балаларды даулар мен қақтығыстарды шешуге үйрету.Әртүрлі кешірім сөздерін қолдануға үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру)** | Күй күмбірі<br>Әңгімелесу<br>«Балабақшадағы тәртіп»<br>**міндеттері:** Балаларды балабақшадағы қауіпсіс жүріс тұрыс ережелерін сақтауға үйрету<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру)** |
| **Ата-аналармен немесе басқа заңды өкілдермен** | Балалардың балабақшаға жылдам бейімделу жағдайларын талқылау | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелсу | Ата аналармен бала неге жылайды? Баламен қоштасу жолдарының тиімдісі жайлы әңгімелесу. «Ахуалды бұзатын сөйлемшілер» ата | Ата аналармен баланың тамақтануы жайлы әңгімелесу. «2-жастағы балалардың жас ерекшеліктері» ата | Ата анлармен балалардың үйде күн тәртібін қалай сақтайтындығы жайлы сөйлесу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **кеңес, әңгімелесу** | | | аналарға арналған кеңес | аналарға арналған кеңес | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар )** | Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп, еркін тақырыпта сурет салу, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру **міндеті:**Ермексазды алақан арасына алып мыжу дағдысын дамыту. Фланелеграф тақтасына доптарды, шарларды жапсыру. **(сурет салу) (мүсіндеу) (жапсыру)** | Мысықтың және күшіктің дауысын салу арқылы сөйлеу дағдысын жетілдіру. **міндеті:**Үй жануарларын дауысы арқылы тану,сөйлеуге үйрету **(тіл дамыту)** | Жеке балалармен тақпақты жаттауды жетілдіру Бала, бала, баламыз. Бақшамызғабарамыз. Күнібо йықызыққа, Батамыз да қаламыз**міндеті:** Балаларға тақпақтар жаттауға үйрету. **(көркем әдебиет)** | Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту,түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді сызықтарды парақ бетінде салуын үйрету **міндеті:**Балаларды сурет салуға деген қызығушылығын арттыру **(сурет салу)** | Құрастыру материалдарынан үйшік құрастыруды дамыту**міндеті:**Құрастыру жұмыстарына қызығушылығын арттыру**(құрастыру)** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **№ 3 Жаттығу** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс әрекетке дайындық** | ҰІӘ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктерді реттеу **міндеті:**Балаларды ұйымдастырылған іс - әрекетіне сұрақтар қоя отырып дайындау, балалармен өзара әңгіме жүргізу (**сөйлеуді дамыту)** | **«Кім осындай орнынан тұр»** ойын тренинг **міндеті:**Жаттығу зейінді байқауды дамытуға сондай ақ топтық танысуды жалғастыруға бағытталған тапсырма беру. Кім жүгіруді ұнатады,кім жақсы ауа райына қуанады,кімнің қарындасы бар,кім гүл сыйлауды ұнатады(**сенсорика,** | **«Не өзгерді»** ойын тренинг **міндеті:** Тиімді қарым қатынас жасау үшін қажетті назар мен байқауды дамыту.Әр бала кезекпен жүргізуші болады.Жүргізуші бөлмеден шығады осы кезде топта балалардың шаштарына өзгерістер жасалады,басқа орынға ауысады,жүргізуші өзгерісті байқап табады(**сөйлеуді дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру)** | **«Көңіл күй»** ойын тренинг **міндеті:**Бет әлпетімен бет әлпетін түсінуге ықпал етеді.Жүргізуші тақтаға түрлі суреттер,маскалар қояды «қуаныш» «ашу», «қорқыныш», «жиеркеніш»балалардың міндеті маска қандай сезімде екенін табу(**сөйлеуді дамыту)** | **Үстел үсті ойыны:** «Бау байлап үйренеміз» **міндеті:** Балалардың қол моторикасын дамыту(**құрастыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тіл дамыту) | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс әрекеттері** | **Дене шынықтыр «Заттардың арасымен жүру» міндеті.**Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі жүгіруге үйрету **жүру жаттығулары.** Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру**жүгіру** бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп | **Ұйымдастырылған іс әрекеті «Күздік киімдер» міндеті:**Күздік киімдермен таныстыру.Киімдерді ң аттарын атауға үйрету **кіріспе шаттық шеңбері** Аспан ашық,көгілдір Күн шуағын төгіп тұр! Қол ұстасқан біздерді, Тереземнен көріп тұр **(көркем әдебиет) Ұйымдастыру кезеңі:**Проектор арқылы мультимедиадан киімдер көрсету, атауларын сұрау. Мынау қандай киім, қалай аталады? Түсі қандай, неден тігілген? Осындай киімнің түрлерін көріп танысу үшін «Киім дүкеніне» саяхатқа барайық. Ол үшін жылы киінуіміз қажет, қимыл - қозғалыспен көрсетеді.(**қоршаған әлеммен таныстырумен танысу, тіл дамыту)** | **Ұйымдастырылған іс әрекеті « Ұлттық киімдер» міндеті:**Ұлттық киімдермен таныстыру.Ұлттық киімдердің аттарын атауға үйрету **кіріспе шаттық шеңбері:** Қайырлы таң, көгім менің! Қайырлы таң,күнім менің! Қайырлы таң,бақшам менің! Қайырлы таң,досым менің! **(көркем әдебиет) Ұйымдастыру кезеңі:**Киімдердің түрлері көп екен және олар бірнеше топқа бөлінеді. Бүгін біз сондай киімдердің бір түрі қазақтың ұлттық киім түрлерімен танысамыз. Ол үшін арнайы көрмеге барамыз.Балаларға көрмені аралап, киімдерді жақсылап бақылап алуларына мүмкіндік беру. Киімдерді бір бірден таныстыру. -Үкілі тақияның төбесі дөңгелек болып келеді. Жібек, алтын, күміс, зер жіптерімен кестеленіп, моншақ, асыл тастармен безендіріледі. Үкінің үлпілдек қауырсынын тақияның төбесіне қадайды.Ұлдардың тақиясы жайөрнектермен безендіріледі. | **Дене тәрбиесі«Менің добым» міндеті.**1,5 метр қашықтықта тұрған педагогтің лақтырған добын қағып алу және қайта лақтыру – допты саусақтары айқара ашылған алақанымен ұстауға үйрету**жүру** Шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің артынан, аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, жүру **тепе-теңдік сақтау жаттығулары**. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру ж**алпы дамытушы жаттығулар** Екі қатарға сапқа тұрады. Бірінші және екінші қатардың басшыларын тағайындайды. Бағдарға және сапқа жүру ретіне назар аудартады (алдымен бағдарға бірінші қатар жүреді, сосын екінші қатар бағдарға қарай жүреді). Сапқатұруғакөмектеседі | **Дене тәрбиесі «Қол ұстасып жүру» міндеті.** педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүруге үйрету **жүру** Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, жүру **жүгіру.** Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру;**жалпы дамытушы жаттығулар.**Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму; тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып) **негізгі қимылдар:**педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру **Қ.О***«Күн мен жаңбыр»* Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
